


 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 1-беті
	Магистратурада оқу туралы ереже	


 Бекітілген
 «Астана Медицина университеті» КеАҚ
 Басқарма шешімімен,
 №16 хаттама «29» маусым 2023г.
 20 жылғы № 8
 Басқарма шешіміне сәйкес өзгерістер
 енгізілді

ЕРЕЖЕ

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ

МАГИСТРАТУРАДА ОҚЫТУ ТУРАЛЫ

Е-АМУ-121-23

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ТУПНҰСҚА/ОРИГИНАЛ

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ТІРКЕУ № 58

Астана қ. 09. 04

2026 ж.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	E-АсМУ-121-23
	Магистратурада оқу туралы ереже	№2 басылымы 27 беттің 2-беті

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕНДІ:** Магистратура және докторантура бөлімі, Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебі, Мейіргер ісі мектебі.
- 2 **ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:** Магистратура және докторантура бөлімінің бастығы Райсова К.А., Қоғамдық денсаулық және менеджмент мектебінің деканы А.А.Баймағамбетова, Мейіргер ісі мектебі деканының міндетін атқарушы Ж.Т.Жетмекова
- 3 **ЕНГІЗДІ:** Магистратура және докторантура бөлімі, мектептер
- 4 **БЕКІТІЛДІ:** № 8 « 31 » наурыз 2026 ж.
- 5 **ҚОЛДАНЫСҚА**
- 6 **ЕНГІЗІЛДІ:** « 31 » наурыз 2026 ж.
- 6 **КЕЛІСІЛДІ:**
 - ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі З.Т.Шульгау
 - академиялық жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі А.К.Досанова
 - клиникалық жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі А.Д.Шакенов
 - стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі А.О.Мысаев
 - Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы М.Е.Тукбекова
 - Аккредиттеу және сапаны басқару департаментінің директоры А.Б.Жунусова
 - Магистратура және докторантура бөлімінің бастығы Қ.А.Райсова
 - Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебінің деканы А.А.Баймағамбетова
 - Мейіргер ісі мектебі деканының міндетін атқарушы Ж.Т.Жетмекова
- 7 **ҚАЙТА ҚАРАУ**
- МЕРЗІМДІЛІГІ** қажеттілігіне қарай

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 3-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Негізгі бөлім	4
3	Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату	16
	1 - қосымша	18
	2 - қосымша	19
	3 - қосымша	20
	4 - қосымша	21
	5 - қосымша	23
	6 - қосымша	24
	Келісі парағы	25
	Өзгерістерді тіркеу парағы	26
	Танысу парағы	27

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	E-АсМУ-121-23
	Магистратурада оқу туралы ереже	№2 басылымы 27 беттің 4-беті

1. Жалпы ережелер

1. Магистратурада оқыту туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Астана медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) магистратурасында оқыту процесін сипаттайды.

2. Осы ереже магистранттарды оқытуды жүзеге асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшелерінде қолданылады.

3. Университет мақсаттарының бірі – озық білім беру әдістемелері мен технологияларын қолдана отырып оқыту, білім алушылардың кәсіби және зерттеушілік құзыреттерін дамыту, олардың жоғары кәсіби мәртебесі мен халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

4. Қазіргі заманғы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі білім алушыларда әлеуметтік-экономикалық және технологиялық өзгерістер жағдайында тиімді қызмет етуге дайын кәсіби және зерттеушілік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

2. Негізгі бөлім

5. Осы ережеде нормативтік құжаттарға сәйкес терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады.

1 - кесте. Терминдер мен анықтамалар

№	Терминдер	Анықтамалар
1	Академиялық дәреже	Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша тиісті білім беру бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары беретін дәреже
2	Академиялық кредит	Білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі
3	Апелляциялық комиссия	Апелляцияларды (шағымдарды, наразылықтарды) қарау және шешім қабылдау мақсатында құрылатын комиссия
4	Білім алушыларды қорытынды аттестаттау	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, сондай-ақ оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.
5	Қорытынды бақылау	Аралық аттестаттау кезеңінде емтихан түрінде өткізілетін, білім алушылардың оқу пәні бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау мақсатындағы оқу жетістіктерін бақылау. Егер пән бірнеше академиялық кезең бойы оқытылса, онда қорытынды бақылау осы академиялық кезеңде оқытылған пән бөлімі бойынша жүргізілуі мүмкін.
6	Құзыреттер	Оқу барысында алынған білім, білік және дағдыларды кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті
7	Магистр	Магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже
8	Магистрант	Магистратурада білім алушы тұлға
9	Магистратура	Тиісті білім беру бағдарламасы бойынша кемінде 60–120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, «магистр» дәрежесін бере отырып кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі.
10	Магистрлік диссертация	Ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының заманауи ғылым мен техника жетістіктеріне негізделген, таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және (немесе) практикалық әзірлемелерін қамтитын дербес ғылыми зерттеу түріндегі бітіру жұмысы.
11	Магистрлік жоба	Бейіндік магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесінің қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу түріндегі бітіру жұмысы.
12	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Қолданыстағы білімді кеңейту және жаңа алу мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізу, зерттеулер жүргізу, эксперименттер жүргізу, ғылыми болжамдарды тексеру, табиғат пен қоғамның даму

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 5-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

		заңдылықтарын белгілеу, ғылыми жалпылау, жобаларды ғылыми негіздеу;
13	Транскрипт	Игерілген пәндердің және/немесе модульдердің тізбесі және кредиттер мен бағалар көрсетілген тиісті оқу кезеңіндегі оқу жұмысының басқа түрлері бар құжат.

6. Осы ережеде 2-кестеге сәйкес келесі қысқартулар мен белгілер қолданылған.

2 - кесте. Қысқартулар мен белгілер

№ п/п	Қысқартулар мен белгілер	Қысқартулар мен белгілер толық атауы
1.	БП	Базалық пәндер
2.	БРЖ	Балдық-рейтингтік жүйе
3.	ЖК	Жоғары оқу орны компоненті
4.	ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
5.	МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
6.	АСБД	Аккредитация және сапаны басқару департаменті
7.	ҚА	Қорытынды аттестаттау
8.	ҚАК	Қорытынды аттестаттау комиссиясы
9.	ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
10.	ТК	Таңдау компоненті
11.	ҒЗИ	Ғылыми-зерттеу институты
12.	МҒЗЖ	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы
13.	ЖЖОКБҰ	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
14.	БП	Бейіндеуші пәндер
15.	ОПҚ	Оқытушы-профессорлар құрамы
16.	ККО	Кафедраның кеңейтілген отырысы
17.	ҮОЖ	Үлгілік оқу жоспары.
18.	МЭЗЖ	Магистранттың – эксперименталды зерттеу жұмысы

7. Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер келтірілген:

1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

2) «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

3) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы;

5) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» бұйрығы.

6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 2 маусымдағы № 198 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығы.

7) УС - АсМУ -37-01-25 Университет стандарты. Менеджменттің интеграцияланған жүйесі құжаттамасының мазмұнына, баяндалуына және ресімделуіне қойылатын жалпы талаптар.

8) УС - АсМУ -37-02-25 Университет стандарты. Құжаттаманы басқару.

9) УС - АсМУ -20-03-24 Университет стандарты. Жазбаларды басқару;

10) УС - АсМУ -04 Университет стандарты. Терминдер мен анықтамалар;

11) УС - АсМУ -36-03-25 Университет стандарты. Кері байланысты мониторингілеу;

12) УС - АсМУ -25-21 Университет стандарты. Оқу процесін жоспарлау;

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	E-АсМУ-121-23
	Магистратурада оқу туралы ереже	№2 басылымы 27 беттің 6-беті

13) УС - АсМУ -15-25 Университет стандарты. Білім беру бағдарламалары: басқару, әзірлеу және жаңарту;

14) Е-АсМУ -51-20 Магистранттар/PhD докторанттар үшін оқуды, ғылыми-зерттеу және өндірістік оқытуды ұйымдастыру туралы университет ережелері;

15) С-АсМУ -17-25 «Астана медицина университеті» КеАҚ Академиялық саясаты;

16) Е - АсМУ -130-23 Плагиятты анықтау туралы ереже;

17) ЖН- АсМУ -68-25 Әдістемелік кешендерді әзірлеу жөніндегі нұсқаулық;

18) Қ-АсМУ-04-24 Магистратураға қабылдау қағидалары.

Ескерту: Университет қызметіне қатысты нормативтік құжаттардың тізбесі мен қолданыстағы редакциялары тұрақты негізде бекітілетін және өзектендірілетін сыртқы нормативтік құжаттар тізбесіне, яғни Университеттің заңнамалық, өзге де нормативтік-құқықтық және басшылық құжаттарының тізбесіне сәйкес айқындалады.

8. Магистранттарды оқытуды жүзеге асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшелері «Менеджменттің интеграцияланған жүйесі құжаттамасының мазмұнына, баяндалуына және ресімделуіне қойылатын жалпы талаптар» (УС-АсМУ-37-01-25) университет стандартының талаптарына сәйкес осы ережені әзірлеу және басқару үшін жауапты болып табылады.

9. Университеттің магистратурада оқыту процесіне қатысатын жауапты тұлғалар осы стандарт талаптарын Университет қызметіне енгізу үшін жауапты болып табылады.

10. Магистратура – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» академиялық дәрежесін бере отырып кадрлар даярлауға бағытталған. Бұл ретте бейіндік бағыт үшін кемінде 60 академиялық кредитті, ал ғылыми-педагогикалық бағыт үшін 120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру талап етіледі.

11. «Магистр» дәрежесі таңдалған бейін бойынша теорияны тереңдетіп оқытуды, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметіне даярлауды көздейді.

12. Магистратурада кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Оқуға түсу кезінде магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасына сәйкес келмеген жағдайда, магистрантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді. Қажетті пререквизиттердің тізбесі мен оларды игеру мерзімдерін Университет дербес айқындайды. Пререквизиттер ақылы негізде меңгеріледі.

13. Пререквизиттер ретінде магистрант тиісті деңгейдегі бейресми білім беру нәтижелерін ұсынады, олардың танылуы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Бейресми білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін, сондай-ақ кәсіби біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларына» сәйкес Университет тарапынан жүзеге асырылады.

14. Жоғары арнайы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелері бейіндік бағыттағы тиісті магистратура бағдарламаларының оқу нәтижелеріне теңестіріледі.

16. Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу екі бағытта жүзеге асырылады: ғылыми-педагогикалық және бейіндік.

17. Магистратурада оқу күндізгі нысанда жүзеге асырылады (оқу мерзімі: ғылыми-педагогикалық бағыт – 2 жыл, бейіндік бағыт – 1–1,5 жыл).

18. Магистратураға оқуға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

19. Магистратурада оқу бюджеттік және ақылы негізде жүргізіледі. Ақылы негіздегі оқу құны Университетпен дербес айқындалады.

20. Магистратурадағы оқу сабақтарын ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар, PhD академиялық дәрежесі бар немесе ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистр дәрежесіне ие тұлғалар жүргізеді.

21. Магистранттар іргелі ғылыми даярлық пен ғылыми зерттеулер әдіснамасын меңгеруі, сондай-ақ заманауи ақпараттық технологияларды және ғылыми ақпаратты іздеу, талдау мен өңдеу әдістерін білуі тиіс.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 7-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

22. Магистратурада оқу барысында магистрант қызығушылық танытқан ғылыми салада тереңдетілген білім алады және оқытушылық қызмет тәжірибесін игереді.

23. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураны аяқтаған тұлғаларға тиісті білім беру бағдарламасы бойынша медицина ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі.

24. Бейіндік бағыттағы магистратураны аяқтаған тұлғаларға тиісті білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау магистрі дәрежесі беріледі.

25. Магистратураға жоғары кәсіби білімі бар тұлғалар қабылданады.

26. Магистратураға түсуші тұлғаларды қабылдау тәртібі магистратураға қабылдау қағидаларымен белгіленеді.

27. Білім беру мазмұнының құрылымы білім беруді есепке алу және өлшеу құралдарына қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес анықталады: оқу жоспарлары мен бағдарламалары, оқу жүктемесінің көлемі, оқу кезеңдерінің ұзақтығы, оқу сабақтарының түрлері, Мемлекеттік білім беру стандартына негізделген оқу материалының көлемі:

1) оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестациядан, қорытынды аттестациядан, практикалық сабақтардан, қорытынды аттестациядан (ҚА) және демалыстардан тұрады;

2) академиялық кезең семестр үшін 15/18 аптаға созылады;

3) оқу жылы ішінде каникулдардың ұзақтығы бітіруші курсты қоспағанда, кемінде 7 аптаны құрайды.

28. Магистратураның білім беру бағдарламасына мыналар кіреді:

1) теориялық дайындық, оның ішінде базалық және бейінді пәндер циклдерін оқу;

2) магистранттардың практикалық дайындығы: әртүрлі практикалық дайындық түрлері (оқытушылық, ғылыми-зерттеу/өндірістік), ғылыми немесе кәсіби тағылымдама;

3) ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламасы бойынша магистрлік диссертацияны аяқтауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу жұмыстары;

4) бейіндік магистратура бағдарламасы үшін магистрлік жобаны аяқтауды қоса алғанда, эксперименттік зерттеу жұмыстары;

5) аралық және қорытынды аттестация.

29. Білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті эксперименттік зерттеулерден, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарынан, ғылыми жарияланымдардан және магистрлік диссертация немесе жоба жазудан қалыптасады.

30. Оқу және ғылыми жұмыстың күрделілігі игерілген материалдың көлемімен анықталады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім берудің кредиттік технологиясын қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру ережелері» бұйрығына сәйкес кредиттермен өлшенеді.

31. Магистранттардың білім беру процесін жоспарлау оқу жоспарлары, жұмыс оқу жоспарлары, магистранттардың жеке оқу жоспарлары және оқу пәндерінің каталогы негізінде жүзеге асырылады:

1) Базалық пәндер циклі (БП) университеттік (міндетті) ЖОО компонент (ЖК) және таңдау компоненті (ТК) пәндерінен тұрады.

2) БП циклі ЖОО компонент және таңдау пәні компонентінен тұрады.

3) пәндер тізімін Университет дербес анықтайды. Бұл ретте еңбек нарығының қажеттіліктері, жұмыс берушілердің күтулері және магистранттардың қызығушылықтары ескеріледі.

31. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық дайындықпен қатар немесе бөлек кезеңде жүзеге асырылатын екі түрлі практикалық дайындықты қамтиды:

1) оқытушылық тағылымдамалар оқыту және оқу әдістері бойынша практикалық дағдыларды дамыту үшін өткізіледі. Магистранттар университеттің қалауы бойынша бакалавриат сабақтарын өткізуге шақырылады.

2) магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен танысу мақсатында жүргізіледі.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 8-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

32. Бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы өндірістік практиканы қамтиды:

1) өндірістік тәжірибе оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту, магистратураның оқытылатын білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттіліктерді және кәсіби қызмет тәжірибесін игеру, сондай-ақ озық тәжірибелерді игеру мақсатында өткізіледі;

2) зерттеу (өндірістік) практиканың мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен айқындалады. Магистранттар тағылымдама барысында күнделік толтырып, тапсырады

32. Магистранттар практикадан өту кезеңінің бүкіл барысында практика күнделігін толтырады және оны аяқтағаннан кейін білім алушының портфолиосын қалыптастыру үшін магистранттарды оқытуды жүзеге асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшелеріне тапсырады.

33. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (ҒЗЖМ/ЭЗЖМ) шеңберінде инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысуға бағытталған жеке жоспарға сәйкес ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті салалар мен қызмет бағыттарының ұйымдарында ғылыми тағылымдамадан міндетті түрде өту көзделеді.

34. Ғылыми тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына және зерттеу тақырыбына сәйкес келуі тиіс.

35. Тағылымдама ұзақтығы кемінде 14 күнтізбелік күнді құрайды.

36. Университет тағылымдамадан өту жүзеге асырылатын ұйыммен бірлесіп тағылымдама бағдарламасы мен апталық жоспарды бекітеді.

37. Тағылымдама бағдарламасы мен апталық жоспарды 1-қосымшаға сәйкес магистрант ғылыми жетекшімен бірлесіп жасайды және кафедра отырысында бекітеді.

38. Ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелері оны орындаудың әрбір кезеңінің соңында магистрант тарапынан еркін нысандағы есеп түрінде рәсімделеді.

39. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік-зерттеу жұмысы (ҒЗЖМ/ЭЗЖМ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарланады.

40. Ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламасы бойынша магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

1) магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын магистрлік бағдарламаның бейініне сәйкес келеді;

2) өзекті және ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар;

3) ғылым мен тәжірибенің қазіргі заманғы теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделген;

4) заманауи ғылыми зерттеу әдістерін қолдана отырып жүзеге асырылады;

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді қамтиды;

6) тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделген.

41. Бейіндік магистратурадағы магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

1) магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын магистратураның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келеді;

2) ғылымның, техниканың және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделеді және нақты практикалық ұсынымдарды, басқарушылық міндеттерді шешудің дербес шешімдерін қамтиды;

3) озық ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалады;

4) қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді қамтиды.

42. Ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы шеңберінде магистранттар 2-қосымшаға сәйкес ҒЗЖМ/ЭЗЖМ орындау жоспарын әзірлейді. Жоспар кафедраның/ҒЗИ-дың отырысында қаралып, талқыланады және ғылыми жетекші мен кафедра меңгерушісі/ҒЗИ басшысы тарапынан бекітіледі, сондай-ақ магистранттарды оқытуды жүзеге асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшелеріне ұсынылады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 9-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

43. Аралық аттестаттаудың кезеңділігі мен ұзақтығы жетекшілік ететін проректор бекіткен сабақ кестесі мен академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады.

44. Жыл сайын семестрдің немесе оқу жылының аяқталуы бойынша магистрант аралық немесе қорытынды академиялық аттестаттаудан өтеді және жеке жұмыс жоспарының/ҒЗЖМ-ның/ЭЗЖМ-ның орындалуы туралы еркін нысанда есеп дайындайды. Есеп кафедраның/ҒЗИ-дың отырысында қаралып, талқыланады және ғылыми жетекші мен кафедра меңгерушісі/ҒЗИ басшысы тарапынан бекітілуге жатады. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының соңғы нәтижесі

45. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының қорытынды нәтижесі магистрлік диссертация/жоба болып табылады.

46. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұнына, ресімделуіне, оны дайындау мен қорғауға қойылатын талаптарды Университет дербес айқындайды.

47. Магистрлік диссертация (жоба) міндетті түрде плагиат мәніне тексеруден өтеді, оны жүргізу қағидалары мен тәртібін Университет дербес айқындайды.

48. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындауды, оны ресімдеуді және қорғау рәсімін қамтиды.

49. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау рәсімін Университет дербес айқындайды.

50. Бейіндік бағыттағы магистранттар үшін ғылыми басылымда кемінде бір жарияланымның немесе ғылыми-практикалық конференцияда бір баяндаманың болуы талап етіледі. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар үшін кемінде екі түпнұсқалық мақаланың не бір түпнұсқалық мақаланың және бір ғылыми шолудың, не ғылыми-практикалық конференциялардағы тиісті баяндамалардың болуы талап етіледі. Жарияланымдарға өңірлік, республикалық және халықаралық конференциялардың, симпозиумдардың, кеңестердің тезистері, шолу-ақпараттық баяндамалар мен аналитикалық шолулар теңестірілуі мүмкін.

51. Университет магистрантқа зерттеу нәтижелерін жариялауға жәрдем көрсетеді.

52. Басқа медициналық жоғары оқу орындарынан ауыстырылған бюджеттік негізде (мемлекеттік білім беру гранты, ЖАО гранты) білім алатын магистранттарға стипендия аралық аттестаттау немесе емтихан сессиясының нәтижелері бойынша, қорытынды бақылауды қайта тапсырмаған жағдайда, «үздік» және «жақсы» бағаларға сәйкес келетін бағалардың баламасы ескеріле отырып тағайындалады.

53. Мемлекеттік білім беру грантының иегері болып табылатын білім алушыларға қорытынды бақылауды қайта тапсырғаннан кейін (алынған бағаға қарамастан) стипендия тағайындалмайды. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын көру қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдарға, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдарға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) балаларға емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешегі болмаған жағдайда, растайтын құжаттарды ұсынған күннен бастап жоғарылатылған мөлшерде мемлекеттік стипендия тағайындалады.

54. Кейінгі семестрлерде магистранттарға мемлекеттік стипендия алдыңғы семестрдегі емтихан сессиясының немесе білім алушылардың аралық аттестаттауының қорытындылары бойынша тағайындалып, төленеді.

55. Магистранттардың академиялық демалыста болған кезеңінде мемлекеттік стипендия төленбейді, медициналық қорытындының (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы) негізінде берілген академиялық демалыстарды қоспағанда.

56. Магистранттың бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге байланысты демалыста болған кезеңінде мемлекеттік стипендия тағайындалмайды.

57. Академиялық демалыстан оралған магистранттарға мемлекеттік стипендияны тағайындау және төлеу оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылық жойылғаннан кейін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және олардың мөлшерлері қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 10-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

58. Бейіндік магистратураны аяқтаған магистрант педагогикалық бейіндегі пәндер циклін меңгерген және педагогикалық практикадан өткен жағдайда ғана ғылыми және педагогикалық қызметпен айналыса алады.

59. Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша толық теориялық оқу курсын меңгерген, бірақ белгіленген мерзімде магистрлік диссертацияны/жобаны қорғамаған магистрантқа магистратурада оқу мерзімі ақылы негізде ұзартылуы мүмкін. Төлем мөлшерін Университет бекітілген баға прејскурантына сәйкес белгілейді.

60. Магистратурада білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау емтихан және аралық/қорытынды аттестаттау нысанында жүзеге асырылады:

1) пән/модуль бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің қорытынды бағасы жіберу рейтингі бағасын (ЖРБ) және қорытынды бақылау бағасын (ҚББ) қамтиды. Қорытынды бағаны есептеу кезінде әрбір компоненттің үлестік салмағы ескеріледі: рейтингтік баға – 60%, қорытынды бақылау бағасы – 40%;

2) пән бойынша қорытынды бақылау білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес емтихан түрінде өткізіледі;

3) емтихан кестесін Академиялық жұмыс департаменті профессор-оқытушылар құрамымен (ПОҚ) бірлесіп жасайды;

4) емтихан кестесін жетекшілік ететін проректор бекітеді және Университеттің сайтында жариялау арқылы білім алушылар мен ОПҚ назарына жеткізіледі;

5) емтихандар бақылау нысанына сәйкес кафедраның/ҒЗИ-дың шешімі бойынша өткізіледі;

6) емтихандар бекітілген кестеге сәйкес тапсырылады;

7) емтиханға жіберу ағымдағы үлгерім бақылауының бағалары негізінде жүзеге асырылады, олардың нәтижелері бойынша нақты пәндер бойынша жіберу рейтингі бағасы (ЖРБ) анықталады. Бұл ретте оқу бойынша берешегі жоқ және жіберу рейтингі бағасы кемінде 50 балл алған тұлғалар емтиханға жіберіледі;

8) ЖРБ бойынша 50 балл жинамаған білім алушылар қорытынды бақылауға жіберілмейді және жазғы демалыс кезеңінде пәнді ақылы негізде қайта оқиды;

9) магистранттар үшін пән бойынша қорытынды бағаны есептеу қорытынды бақылаудың әрбір кезеңі бойынша оң баға ($ҚББ \geq 50$ балл) алған жағдайда жүргізіледі;

10) бір кезеңді емтихан немесе екі кезеңді емтиханның бір кезеңі бойынша қорытынды бақылау нәтижесінде 25–49 балл аралығындағы қанағаттанарлықсыз баға («FX») алған магистранттар қорытынды бақылауды бір реттен артық емес қайта тапсыруға жіберіледі;

11) қорытынды бақылауды қайта тапсыру нәтижесінде 0–49 балл аралығындағы қанағаттанарлықсыз баға алған магистрант бітіруші курсты қоспағанда, жазғы семестр кезеңінде пәнді ақылы негізде қайта оқиды.

12) модульдің, пәннің немесе практиканың бір немесе бірнеше блогы бойынша аудиториялық уақыттың 30%-дан астамын өткізіп алған және/немесе практикалық дағдыларды меңгермеген жағдайда, магистрант тек меңгерілмеген блокты қайта оқуға жіберіледі. Бұл ретте басқа блоктар бойынша бұрын алынған оң бағалар қайта есепке алынады;

13) академиялық берешектің жиынтық көлемі 12 кредиттен асқан жағдайда, магистрант оқудан шығарылады немесе оның өтініші бойынша Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ақылы негізде қайталау оқу жылына ауыстырылуы мүмкін;

14) «FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» бағамен қорытынды бақылауды қайта тапсыруға сессия/цикл аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде жол беріледі;

15) қорытынды бақылаудан «FX – қанағаттанарлықсыз» бағасын алған білім алушы дәлелді себеппен қайта тапсыруға келмеген жағдайда, ол қорытынды бақылауды 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайта тапсыруға құқылы;

16) пән бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ емтиханға келмеген магистранттың тегі тұсына емтихан ведомосында «келмеді» деген белгі қойылады;

17) дәлелді себепсіз емтиханға келмеу «қанағаттанарлықсыз» бағаға теңестіріледі;

18) әрбір пән бойынша емтихан аяқталғаннан кейін магистрантқа қорытынды баға қойылады;

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 11-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

19) транскриптке магистрант оқыған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер қорытынды бағалары көрсетіле отырып енгізіледі, оның ішінде «FX» және «F» бағалары да қамтылады;

20) Университетте магистранттарды аралық аттестаттау жетекшілік ететін проректор бекіткен жұмыс кестесі мен академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады;

21) білім алушыларды аралық аттестаттауды ұйымдастыру магистранттарды оқытуды жүзеге асыратын кафедраларға және Университеттің құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі;

22) магистратура бағдарламалары бойынша аралық аттестаттау магистранттардың бекітілуіне сәйкес сессияның/оқу жылының қорытындылары бойынша кафедра отырысында өткізіледі;

23) аттестаттау жүргізу кезінде оқу жоспарының орындалуы, магистранттың үлгерімі және магистранттың жеке оқу жоспарына сәйкес F3Ж/Э3Ж орындалуы бағаланады;

24) аралық аттестаттау қорытындысы бойынша қабылданған шешім («аттестатталсын/аттестатталмасын») 3-қосымшаға сәйкес магистрант толтырған аттестаттау парағында тіркеледі және оған кафедра меңгерушісі мен ғылыми жетекші қол қояды. Егер кафедра отырысының шешімімен магистрант жеке оқу жоспарының орындалуы бойынша аттестатталмаса, онда ол жазғы демалыс кезеңінде F3Ж кредиттерін ақылы негізде қайта меңгереді, содан кейін келесі оқу жылы басталғанға дейін қайта аралық аттестаттаудан өтеді;

25) емтихан сессиясының/аралық аттестаттаудың нәтижесімен келіспейтін магистрант баға ААЖ Platonus жүйесінде жарияланған сәттен бастап 24 сағат ішінде апелляциялық комиссия төрағасының атына ААЖ Platonus арқылы Академиялық жұмыс департаментіне модульді/пәнді және комиссиялық қарауды талап ететін мәселенің сипаттамасын көрсете отырып апелляция беруге құқылы;

26) Академиялық жұмыс департаменті оқу кезеңінің барлық мерзімі ішінде барлық білім алушылар бойынша кредиттер санын есепке алуды жүзеге асырады және емтихан ведомосын магистранттарды оқытуды жүзеге асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшелеріне береді;

27) оқу жылы аяқталғаннан кейін GPA негізінде Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен білім алушыларды курстан курсқа көшіру жүзеге асырылады. Осы мақсатта Университет Басқармасының шешімімен көшіру балы белгіленеді;

28) емтихан тапсырмаған және Университеттен шығарылған тұлғаға оқуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама рәсімделіп беріледі.

61. Білім беру қызметін ұйымдастыру оқу процесін және білім беру мазмұнын жоспарлау, сондай-ақ оларды жүзеге асыру тәсілдерін таңдау арқылы жүзеге асырылады.

62. Магистратурадағы оқу сабақтары инновациялық технологиялар мен оқытудың интерактивті әдістерін пайдалана отырып өткізілуі тиіс.

63. Магистрант Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды.

64. Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқу мерзімінің бүкіл кезеңіне жасалады және ол келесі бөлімдерді қамтиды:

1) магистрлік даярлықтың білім беру бағдарламасы;

2) магистрлік диссертацияны/жобаны орындау жоспары (тақырыбы, ғылыми жетекшісі, өзектілігі, мақсаты, міндеттері, ғылыми-зерттеу жұмысы, зерттеу материалдары мен әдістері, ғылыми жаңалығы, күтілетін нәтижелер, практикалық маңыздылығы, зерттеу базасы, жұмысты орындаудың күнтізбелік мерзімдері);

3) магистрлік диссертация/жоба бойынша жалпы жұмыс жоспары (теориялық жұмыс, эксперименттік жұмыс, нәтижелерді ресімдеу).

65. Магистранттың жеке жұмыс жоспарын орындау магистрант пен ғылыми жетекшінің өзара жауапкершілігі және өзара іс-қимылы негізінде жүзеге асырылады.

66. Университетте магистранттардың білімін бақылау және бағалау балдық-рейтингтік жүйе (БРЖ) бойынша жүзеге асырылады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 12-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

67. Магистрант қабылданғаннан кейін екі ай ішінде Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен, Сенат отырысының шешімі хаттамасы негізінде магистрлік диссертация/жоба тақырыбы бекітіледі және ғылыми жетекші тағайындалады. ҒЗЖМ (ЭЗЖМ) нәтижелерін ескере отырып, магистрлік диссертация/жоба тақырыбын түзетуге жол беріледі.

68. Тақырыпты бекіту үшін магистрант 4-қосымшаға сәйкес диссертациялық зерттеу/жоба аннотациясын дайындайды.

69. Магистранттың ғылыми жетекшісі, консультанты және зерттеу жұмысының тақырыбы кафедраның/ҒЗИ-дың кеңейтілген отырысында қаралады, одан кейін Мектеп/ҒЗИ кеңесінің отырысында талқыланып, Университет Сенаты тарапынан бекітіледі.

70. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес Университет Сенатының отырысында магистранттарға академиялық жетекшілер бекітілді.

71. Ғылыми жетекшілік кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес келетін, ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық өтілі кемінде 3 (үш) жыл болатын, ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын уәкілетті орган бекіткен ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – басылымдар тізбесі) кіретін басылымдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын және Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректер базасындағы Science Citation Index Expanded (Сайнс Цитэйшн Индекс Экспандед), Social Science Citation Index (Сошиал Сайнс Цитэйшн Индекс) немесе Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюмэнитис Цитэйшн Индекс) индекстерінде немесе JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) көрсеткіші бойынша процентилі кемінде 25 болатын журналда соңғы 5 (бес) жыл ішінде кемінде 1 (бір) ғылыми мақаласы бар оқытушы жүзеге асырады.

72. Ғылыми жетекшінің келесі міндеттері бар:

1) магистрантқа магистрлік диссертацияның/жобаның тақырыбы мен жоспарын анықтауға көмектесу;

2) магистрантпен бірлесіп жеке жұмыс жоспарын әзірлеу және жеке жоспарды жүргізу бойынша жұмысты тиімді ұйымдастыру;

3) практикалық дайындық пен ғылыми тағылымдамадан өту үшін негіз ұсыну және магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының орындалуын жүйелі түрде бағалау;

4) ғылыми журналдарда зерттеу нәтижелерін дайындауға және жариялауға, сондай-ақ магистранттың зерттеу нәтижелерін ұсыну мақсатында халықаралық конференцияларға қатысуына көмек көрсету;

5) белгіленген мерзімде магистрантпен бірге жұмысты жария қорғауға тапсыру және магистрлік диссертацияның/жобаның жария қорғауына қатысу;

6) әріптестерімен және магистранттарымен ресми қарым-қатынаста этикалық нормалар мен тұлғааралық қарым-қатынас ережелерін сақтауға міндетті.

73. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі –МҒЗЖ (МЭЗЖ)) шеңберінде инновациялық технологиялармен және жаңа өндіріс түрлерімен танысу мақсатында магистранттың жеке жұмыс жоспарында ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет аясындағы ұйымдарда міндетті түрде ғылыми тағылымдамадан өту қарастырылады.

74. Ғылыми тағылымдаманың орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына және зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.

75. Тағылымдама ұзақтығы кемінде 14 күнтізбелік күнді құрайды.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 13-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

76. Шетелде тағылымдамадан өту кезінде тағылымдама халықаралық рейтингтерге, оның ішінде тиісті бағыт бойынша (by Subject) кіретін жетекші ғылыми ұйымдар мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

77. Тағылымдама бағдарламасы білім беру және ғылыми компоненттердің болуын қамтиды.

78. Тағылымдама ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша алдын ала зерттеу нәтижелері және (немесе) жарияланымдары бар тұлғалармен жүзеге асырылады.

79. Шет тілінде тағылымдамадан өту кезінде тілдік сертификаттың болуы талап етіледі:

1) ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл – кемінде 163 балл;

2) Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБИИТи), шекті балл – кемінде 60;

3) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) (TOEFL PBT (ТОЙФЛ ПиБиТи)), шекті балл – кемінде 498;

1) Test of English as a Foreign Language Paper-delivered testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер деливеред тэстинг) (TOEFL PDT (ТОЙФЛ ПиДиТи)), шекті балл – кемінде 65;

5) International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем) (IELTS (АЙЛТС)), шекті балл – кемінде 6.0.

80. ҒЗЖМ (ЭЗЖМ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарланады.

81. Магистранттың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің екінші деңгейінің (магистратура) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және қол жеткізілген оқу нәтижелері арқылы көрінетін құзыреттерді көрсетеді.

82. Оқу нәтижелері магистратураның білім беру бағдарламасының деңгейінде де, жекелеген модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де қалыптастырылады.

83. Білім алушының қабілеттерін сипаттайтын оқу нәтижелері:

1) денсаулық сақтау саласындағы зерттеулердің пәнаралық сипаты туралы білім мен түсінікті көрсету;

2) денсаулық сақтау саласындағы зерттеу, кәсіби және педагогикалық қызметте қолданбалы сипаттағы жаңа білім мен дағдыларды игеру қабілеті;

3) ғылыми тәсілдер негізінде өз біліктілігі шеңберінде денсаулық сақтау саласындағы мәселелерді шешу қабілеті;

4) денсаулық сақтау саласын дамыту және өз біліктілігі шеңберінде жаңа тәсілдерді енгізу үшін ғылыми ақпаратты пайдалану;

5) өз саласындағы мамандарға да, маман еместерге де денсаулық сақтау саласындағы ақпаратты, идеяларды, қорытындыларды, проблемалар мен шешімдерді анық әрі түсінікті түрде жеткізу;

6) ғылым мен практиканың қазіргі жетістіктеріне сүйене отырып, денсаулық сақтау саласындағы кәсіби қызметті жоспарлау;

7) кәсіби тұрғыда даму, өзін-өзі талдау дағдыларын көрсету, жоғары білім деңгейінде оқыту тәжірибесін қалыптастыру.

84. Диссертацияны/жобаны алдын ала талқылау кафедраның/ҒЗИ-дың кеңейтілген отырысында өткізіледі. Кеңейтілген отырыстан кейін магистрантқа диссертацияны/жобаны талқылаудың басқа нысандарынан өтуге жол берілмейді.

85. Алдағы апробация туралы хабарламаны (мекенжайы, күні және уақыты көрсетіле отырып) кеңейтілген кафедра/ҒЗИ отырысының барлық мүшелеріне, рецензенттерге және магистранттардың ғылыми жетекшілеріне белгіленген күннен 10 күн бұрын кафедраның кеңейтілген отырысында хатшысы жүзеге асырады.

86. Кафедраның/ҒЗИ кеңейтілген отырысына кафедраның/ғылыми бөлімшенің мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі, рецензент, ғылыми жетекші, ғылыми консультанттар, сондай-ақ аралас (ұқсас)

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 14-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

кафедралардың және (немесе) Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері, ғылыми және басқа ұйымдардың мамандары, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

87. Магистрлік диссертацияны/жобаны апробациялау рәсімінен өту үшін магистрант аттестациялық істі қалыптастырады және кафедраның кеңейтілген отырысына дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын ККО хатшысына тапсырады:

1) диссертацияның/жобаның бір данасы жұмсақ мұқабада және бір данасы электрондық форматта хатшыға ұсынылады;

2) ғылыми жарияланымдар тізімі кесте түрінде рәсімделеді, онда мақалалар саны, баспа/журнал, авторлар көрсетіледі. Растайтын құжаттар баспа түрінде қоса беріледі. Тізімге ғылыми жетекші мен магистрант қол қояды;

3) плагиатқа тексеру туралы анықтама, ұқсастық коэффициенті 20%-дан аспайтыны көрсетіле отырып;

4) биоэтика жөніндегі жергілікті комиссияның қорытындысы;

5) ғылыми жетекшінің оң пікірі;

6) ресми және ішкі рецензенттердің пікірлері.

88. Кеңейтілген отырыс өткізілгенге дейін диссертация/жоба 2 (екі) маманға рецензияға жіберіледі. Олар ғылым докторы, кандидат, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор немесе PhD дәрежесі бар тұлғалар болуы тиіс, олардың біреуі (ресми рецензент) магистрант білім алған жоғары оқу орнының қызметкері болмауы қажет. Рецензенттер магистранттың бейініне сәйкес келуі, магистрантпен бірлескен ғылыми еңбектері болмауы, туыстық және кәсіби мүдделерінің болмауы, толық тәуелсіз болуы және мүдделер қақтығысы болмауы тиіс.

89. Диссертацияны/жобаны алдын ала талқылауға магистранттың рецензенттері шақырылады. Рецензенттер отырысқа қатыспаған жағдайда, олардың қорытындысының негізгі бөліктерін кеңейтілген отырыстың хатшысы оқып береді. Рецензенттерге отырысқа онлайн форматта видеоконференция арқылы қатысуға рұқсат етіледі.

90. Рецензенттер диссертацияны/жобаны және жарияланған еңбектерді зерделеу негізінде кафедраның/ғылыми бөлімшенің кеңейтілген отырысына қорытынды ұсынады. Онда таңдалған тақырыптың өзектілігі, ғылыми қағидалардың, тұжырымдар мен ұсыныстардың негізділік деңгейі, олардың жаңалығы бағаланады, сондай-ақ қорытынды аттестаттау комиссияның отырысында ресми қорғауға жіберу туралы қорытынды беріледі.

91. Алдыңғы тармақ талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, қорытынды рецензентке қосымша қарау үшін қайтарылады немесе рецензент ауыстырылады.

92. Диссертациялық жұмыстарды авторға және дереккөзге сілтеме жасалмаған дәйексөздерді анықтау мақсатында тексеру (плагиатқа тексеру) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

93. Магистрлік диссертациялар/жобалар үшін рұқсат етілетін ұқсастық коэффициенті 20%-дан аспайды.

94. Кеңейтілген кафедра отырысында ресми қорғауға жіберу туралы оң немесе теріс шешім қабылдау үшін ашық дауыс беру жүргізіледі:

1) егер отырысқа қатысқан мүшелердің кемінде 2/3 (үштен екі бөлігі) және одан көбі қолдаса, шешім оң деп есептеледі. Егер 2/3-тен аз қолдаса, теріс шешім қабылданады;

2) теріс шешім қабылданған жағдайда, хаттамада диссертация/жоба осы ереженің қандай талаптарына сәйкес келмейтіні көрсетіледі;

3) магистрант алдыңғы ескертулер жойылғаннан кейін кафедраның келесі кеңейтілген отырысында қайта талқылауға жіберіледі. Қайта талқылау саны бір күнтізбелік жыл ішінде 2 реттен аспайды;

4) отырыста қабылданған шешім түпкілікті болып табылады. Диссертациялық жұмыс/жоба ресми қорғауға дайын болмаған жағдайда, магистрантқа ескертулерді жою және толықтырулар енгізу үшін уақыт беріледі;

5) оң қорытынды болған жағдайда магистрантқа отырыс хаттамасынан үзінді беріледі;

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 15-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

6) магистранттар магистрлік диссертацияны (жобаны) ресми қорғау үшін Қорытынды аттестаттауға кафедраның /ҒЗИ кеңейтілген отырысының оң шешімімен және толық техникалық әрі ғылыми сәйкестік болған жағдайда жіберіледі.

95. Университетте магистранттардың қорытынды аттестаттауы білім беру бағдарламаларының академиялық күнтізбесінде және жұмыс оқу жоспарларында көзделген мерзімдерде магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау нысанында өткізіледі.

1) қорытынды аттестаттауға жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарына сәйкес оқу үдерісін толық аяқтаған және магистрлік диссертацияны/жобаны алдын ала қорғау нәтижелері бойынша қорғауға жіберілген магистранттар жіберіледі;

97. Бітіруші курс магистранттары жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын орындамаған жағдайда жазғы семестрден өтпей-ақ қайталау курсқа қалдырылады.

98. Білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖБС талаптарына сәйкес магистранттардың теориялық оқыту курсының және кәсіби практикалардың қажетті көлемін меңгеруі болып табылады.

99. Бітіруші курс магистранттарының қорытынды аттестаттауын өткізу үшін әрбір білім беру бағдарламалары тобы бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылады.

100. Магистранттарды қорытынды аттестаттауға жіберу тізімі бойынша Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен аттестаттау басталғанға дейін рәсімделеді және Қорытынды аттестаттау комиссиясының (ҚАК) төрағасына ұсынылады.

101. Университет білім беру саласындағы уәкілетті органға ҚАК төрағаларының кандидатураларын Университет Сенатының отырысында бекітілгеннен кейін ұсынады. Кандидаттар жоғары оқу орнында жұмыс істемейтін, профессорлар, доценттер және оқытушылар қатарынан, ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар, дайындалатын мамандар бейініне сәйкес келетін тұлғалар болуы тиіс.

102. ҚАК төрағаларына диссертацияларды/жобаларды қорғау кестесіне сәйкес жұмсалған әрбір жұмыс күні (8 сағат) үшін белгіленген тәртіпте ақы төленеді.

103. ҚАК құрамына дауыс беру құқығымен магистранттарды оқытатын Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және шығарушы кафедраның/ҒЗИ меңгерушісі кіреді. Қалған мүшелер магистранттар бейініне сәйкес келетін профессорлар, доценттер және жоғары білікті мамандар қатарынан құрылады.

104. Қорытынды аттестаттау комиссиясының сандық құрамы магистранттардың бітіруші курс бейініне сәйкес Университетпен дербес айқындалады және жыл сайын Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіліп, күнтізбелік жыл бойы қолданыста болады.

105. ҚАК отырысының ұзақтығы күніне 8 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

106. Диссертациялық жұмысты/жобаны қорғау ҚАК мүшелерінің кемінде жартысы қатысатын ашық отырыста өткізіледі.

107. ҚАК отырысының хатшысы 5-қосымшаға сәйкес жалпы хаттаманы жүргізеді, оған диссертациялық жұмыс/жобаны қорғау кезінде анықталған білімді бағалау нәтижелері, сондай-ақ қойылған сұрақтар мен ҚАК мүшелерінің пікірлері енгізіледі. Хаттамаға ҚАК төрағасы мен хатшысы қол қояды.

108. Қорытынды аттестаттаудан өткен, тиісті білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған және магистрлік диссертацияны/жобаны көпшілік алдында қорғаған магистрантқа ҚАК шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «медицина ғылымдарының магистрі/денсаулық сақтау магистрі» академиялық дәрежесі беріледі және мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен бірге беріледі.

109. Қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келмеген магистрант ҚАК төрағасының атына өтініш жазып, дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен диссертациялық жұмысты/жобаны ҚАК отырысының басқа күнінде қорғайды.

110. Қорытынды аттестаттауға дәлелсіз себеппен келмеген магистрант Университеттен Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен оқудан шығарылады және оқуды аяқтамаған азаматтарға берілетін анықтама беріледі.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 16-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

111. ҚАК-қа баға алғаннан кейін ұсынылған денсаулық жағдайы туралы құжаттар қаралмайды.

112. Оң бағаны арттыру мақсатында диссертациялық жұмысты/жобаны қайта қорғауға жол берілмейді.

113. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау рәсімінен өту үшін магистрант аттестациялық істі қалыптастырады және қорғауға дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын ҚА хатшысына тапсырады. Аттестациялық іс келесі құжаттар тізбесі бойынша қалыптастырылады және хатшыда сақталады.

114. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) «Магистрлік диссертация» немесе «Магистрлік жоба» деген жазуы бар қатты мұқабадағы диссертацияның/жобаның екі данасы, бір электрондық данасы (PDF форматында) хатшыға, сондай-ақ диссертациялық жұмыстың/жобаның көшірмесі CD-дискідегі PDF форматында;

2) магистрлік диссертацияның/жобаның қазақ/орыс тіліндегі аннотациясы 7 дана көлемінде;

3) магистрант ғылыми жарияланымдардың тізімін мақалалар саны, баспа/журнал атауы және авторлары көрсетілген кесте түрінде рәсімдейді. Растайтын құжаттар қағаз нұсқада қоса беріледі. Тізімге ғылыми жетекші мен магистрант қол қояды;

4) ұқсастық коэффициенті 20%-дан аспайтыны көрсетілген плагиатқа тексеруден өткені туралы анықтама;

5) Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссияның қорытындысы;

6) ғылыми жетекшінің оң пікірі;

7) ресми және ішкі рецензенттердің пікірлері;

8) қорғауға ұсыну туралы кафедраның кеңейтілген отырысының шешімі (кафедраның кеңейтілген отырыс хаттамасынан үзінді).

115. Магистранттарды қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін ҚАК төрағалары қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы есеп жасайды және оны екі апта ішінде Сенатқа ұсынады.

116. Қорытынды бағалау нәтижелері туралы есеп кестелер мен түсіндірмелерді қамтиды. Кестеде 6-қосымшаға сәйкес көрсеткіштер көрсетілген.

117. Түсіндірме жазбада көрсетілген:

1) білім беру бағдарламасы бойынша магистранттардың дайындық деңгейі;

2) білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды даярлау сапасын талдау;

3) магистрлерді даярлаудағы кемшіліктер;

4) магистрлік диссертациялар/жобалар тақырыптарының ғылымның, техниканың, мәдениеттің және өндірістің қазіргі жағдайына сәйкестігі;

5) магистрлік диссертациялардың/жобалардың орындалу сапасы;

6) сараптама комитетінің қорытындысының, ғылыми жетекшінің шолуының және ресми оппоненттің шолуының магистрлік диссертацияның/жобаның қорғау деңгейіне сәйкестігі;

7) магистратурада оқытуды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар.

118. ҚАК төрағасының есебіне магистратура бағдарламаларын бітірген түлектердің тізімі қоса беріледі, олардың тегі, аты, әкесінің аты, білім беру бағдарламасы және берілген дипломның нөмірі көрсетіледі, оған Басқарма төрағасы - Ректор қол қояды.

3. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату

119. «Университеттің Құжаттаманы басқару» УС-АсМУ-02 Ішкі нормативтік құжаттарды қайта қарау/өзектендіру, оларға өзгерістер енгізу, сақтау және тарату стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

120. Ішкі нормативтік құжаттардың түпнұсқасы АЖСБД-да сақталады.

121. Бекітілген ішкі нормативтік құжаттардың сканерленген нұсқалары әзірлеушілер тарапынан Университеттің ресми сайтындағы «Қызметкерлерге» бөлімінде үш тілде орналастырылады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 17-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

122. Құжаттардың көшірмелері келесі адресаттарға таратылады: (құрылымдық бөлімшелердің (тұлғалардың) атаулары көрсетіледі немесе «Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелеріне» деп жазылады).

123. Әзірлеушілер бекітілген ішкі нормативтік құжаттардың PDF-файлдарын құжат қабылданған алқалы орган отырысы хаттамасынан үзіндінің көшірмесімен бірге АжСБД-ға ұсынады.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 18-беті
	Магистратурада оқу туралы ереже	

1-қосымша

«Ғылыми тағылымдама жоспары мен бағдарламасы» нысаны

Ғылыми тағылымдаманың жоспары мен бағдарламасы

1. Жалпы ақпарат

- Магистранттың тегі, аты-жөні
- Білім беру бағдарламасының, тобының атауы
- Тағылымдамадан өту орнының атауы
- Тағылымдама жетекшісі (тегі, аты-жөні, лауазымы)
- Тағылымдамадан өту шарттары (басталу күні – аяқталу күні)

2. Тағылымдама мақсаты

3. Тағылымдама міндеттері

4. Тағылымдама бағдарламасы

5. Апталық тағылымдама жоспары

Апта/Күн	Іс-әрекет/тапсырма түрі	Күтілетін нәтиже
1		
2		

6. Тағылымдама соңында күтілетін нәтижелер

Магистрант _____ тегі, аты-жөні

Тағылымдама жетекшісі _____ тегі, аты-жөні

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 19-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

2-қосымша

«МҒЗЖ/МЭЗЖ жұмыс жоспары» нысаны

«БЕКІТЕМІН»

**Кафедра меңгерушісі/ҒЗИ
директоры**

_____ тегі, аты-жөні
« ____ » _____ 20__

_____ кафедра/ғылыми-зерттеу институтының магистранты (толық аты-жөні)
ғылыми-зерттеу/эксперименталды зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған
Жұмыс жоспары

№/р/ н	Іс-шара атаулары	Тағылымдамадан өту орны	Орындаушы	Мерзімдері

Магистрант _____ тегі, аты-жөні

Ғылыми жетекші _____ тегі, аты-жөні

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 20-беті
	Магистратурада оқу туралы ереже	

3-қосымша

«Аттестаттау парағы» нысаны

**«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
АРАЛЫҚ/ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ**

_____оқу жылының магистранты

Кафедра _____
(Магистранттың тегі, аты-жөні)

Білім беру бағдарламасы _____
(кафедраның атауы)

Ғылыми жетекші _____
(инифр- атауы)

Кафедра меңгерушісі _____
(дәрежесі, тегі, аты-жөні)

_____ (дәрежесі, тегі, аты-жөні)

1. Магистранттардың жеке оқу жоспарының орындалуы

№	Пәннің атауы	Кредиттер саны	Бағасы
1.			
2.			
3.			
4.			

2. Аннотацияда көрсетілген күнтізбелік мерзімдерге сәйкес _____ семестрде орындалған жұмыс туралы есеп

3. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының барысы туралы ғылыми жетекшінің есебі

Ғылыми жетекші _____ күні _____

Қолтаңба

Бөлім меңгерушісі _____ күні _____

Қолтаңба

Кафедра отырысының шешімі: АТТЕСТАТТАЛДЫ / АТТЕСТАТТАЛМАДЫ

(қажет болған жағдайда астын сызыңыз)

Хаттама № _____, _____, _____ 20__ ж.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 21-беті
	<i>Магистратурада оқу туралы ереже</i>	

4-қосымша

Форма - "Магистрлік диссертацияның/жобаның қысқаша аннотациясы"

ӘОЖ:
ХПЖ:

«Астана медицина университеті» КеАҚ

Магистранттың тегі, аты-жөні

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯСЫНЫҢ/ЖОБАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

Білім беру бағдарламаның атауы

Аннотация

Медицина ғылымдарының /денсаулық сақтау магистрі академиялық дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмыстың/жобаның аннотациясы

Ғылыми жетекші:

Ғылыми кеңесші:

Астана 20__

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 22-беті
	Магистратурада оқу туралы ереже	

Тақырыптың өзектілігі: _____

Диссертациялық зерттеудің мақсаты: _____

Диссертациялық зерттеудің мақсаттары:

- 1.
- 2.
- 3.

Зерттеу дизайны: _____

Зерттеу түрі: _____

Диссертациялық зерттеу материалдары: _____

Диссертациялық зерттеу әдістері: _____

Диссертациялық зерттеу нысаны: _____

Диссертациялық зерттеудің субъектісі: _____

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы: _____

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы: _____

Күтілетін нәтижелер: _____

Зерттеу негізі: _____

Жұмысты аяқтаудың күнтізбелік мерзімдері:

Жоқ	Орындалған жұмыс түрі	Аяқтау мерзімдері
1		
2		

Магистрант: тегі, аты-жөні _____ (қолы)

Жетекшісі: тегі, аты-жөні _____ (қолы)

Ғылыми кеңесші: тегі, аты-жөні _____ (қолы)

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-121-23 №2 басылымы 27 беттің 23-беті
	Магистратурада оқу туралы ереже	

5-қосымша

«КеАҚ отырысының хаттамасы» нысаны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



№ ХАТТАМА
«Астана медицина университеті» КеАҚ

ПРОТОКОЛ №
НАО «Астана медицинский университет»

Қорытынды аттестациялық
комиссиясының отырысы

Заседание Итоговой аттестационной
комиссии

Астана қаласы

город Астана

202__ жылғы «__» ____
Уақыты: ____

«__» ____ 202__ года
Время: ____

Мекенжайы:

Адрес:

Отырыстың өтетін орны:

Место проведения заседания:

Қорытынды аттестациялық комиссия
төрайымы:

Председатель Итоговой аттестационной
комиссии:

Қатысқандар:

Ответственный секретарь:

Комиссия мүшелері:

Члены комиссии:

Кворум бар.

Кворум имеется.

КҮН ТӘРТІБІ

- 1.
 - 2.
- ТЫҢДАЛДЫ:
- 1.
 - 2.
- ПІКІРЛЕР:
- 1.
 - 2.

Төраға _____ тегі, аты-жөні

Хатшы _____ тегі, аты-жөні

ПОВЕСТКА ДНЯ

- 1.
 - 2.
- СЛУШАЛИ:
- 1.
 - 2.
- РЕЦЕНЗИИ:
- 1.
 - 2.

Председатель _____ ФИО

Секретарь _____ ФИО

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	E-АсМУ-121-23 №3 басылым
	Магистратурада оқу туралы ереже	27 беттің 24-беті

6-қосымша

«ҚАКтөрағасының есебі» нысаны

3-кесте

Қорытынды Аттестаттаудың нысаны	Қорытынды аттестаттауға жіберілгендер саны	Тапсырғандар саны	Олардың ішінен олар келесідей нәтиже көрсетті:							
			Үздік	Жақсы	қанағаттандырылық	қанағаттанарлықсыз	Орташа ұпай	Сербесіз кем еу	Сапа %	тапсырғандардың үлгерімі (%)
Диссертацияны/ жобаны қорғау										

Түлектерді қорытынды аттестаттаудың жалпы нәтижелері
_____ жыл бойы

ЖОО атауы _____

білім беру бағдарламасы _____

4-кесте











ҚА жіберілгендер	ҚА жіберілмегендердің саны	ҚА тапсырғандар саны	Олардың ішінен олар өтті				Алынған бағалау қанағаттанарлықсыз	Орта ша ұпай
			Үздік	Тек Өте жақсы және Жақсы	Аралас бағалаулар	Тек қанағаттанарлықтай		

Түлектер шығарылымын салыстырмалы талдау

5-кесте

Көрсеткіштер	Алдыңғы кезең	Есеп беру кезеңі
Сапа%		
Үлгерімі %		
Орташа балл		

Келісу парағы

№	Лауазым атауы	Тегі, аты-жөні	Келісілген күні	Қолтаңба
1	Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор	З.Т.Шульгау	31.03.2026	
2	Академиялық жұмыс жөніндегі проректор	А.К.Досанова	31.03.2026	
3	Клиникалық жұмыс жөніндегі проректор	А.Д.Шакенов	31.03.2026	
2	Стратегиялық даму жөніндегі проректор	А.О.Мысаев	31.03.2026	
5	Аккредиттеу және сапа менеджменті департаментінің директоры	А.Б.Жунусова	31.03.2026	
6	Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы	М.Е.Тукбекова	31.03.2026	
7	Магистратура және докторантура бөлімінің басшысы	К. А.Раисова	31.03.2026	
8	Қоғамдық денсаулық және менеджмент мектебінің деканы	А.А.Баймагамбетова	31.03.2026	
9	Мейіргер ісі мектебі деканының міндетін атқарушы	Ж.Т.Жетмекова	31.03.2026	
10	Бақылау, құжат айналымы және мемлекеттік тілді дамыту департаментінің бас маманы	Б.А.Орынбасарова	31.03.2026	

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	
	Магистратурада оқу туралы ереже	
		Е-АсМУ-121-23 №3 басылым 27 беттің 26-беті

Өзгерістерді тіркеу парағы

№р/н	Парак нөмірлері (бет)				Барлығы парақтар	Өзгерістер стандарттың бөлімінің, кіші бөлімінің тармағының нөмірі	қатысты немесе	Өзгерістер енгізген адамның қолы	Өзгеріс күні
	Өзгертілді	Ауыстырылды	Жаңа	Күші жойылмаған					

